

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 26 қаңтар

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер! Өткен аптада Мемлекет басшысының жетінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісін тарату және Мәжіліс депутаттарының кезектен тыс сайлауын өткізу туралы Жарлығы жарияланғанын білесіздер.

Конституцияға сәйкес Мәжілістің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылып, ол уақытша болмаған кезеңде Парламенттің заң шығару қызметі толығымен Сенатқа жүктеледі.

Мәжілістің жаңа құрамы сайланғанға дейін заңдарды қабылдау тәртібінде ерекшеліктер бар екенін атап өту керек.

Бұл тәртіп Сенат Регламентінде айқындалған. Сол тәртіп бойынша жұмысымызды ұйымдастыратын боламыз.

Құрметті әріптестер, осы екі айда бізге үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Алдымызда ауқымды міндеттер тұр. Солардың бәрін өздеріңізбен бірге сапалы әрі уақытылы орындаймыз деп сенемін.

Енді күн тәртібіндегі заңдарды қарауға көшейік.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі екі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған 2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялауға қатысты заңдар.

Бұл заңдар бір келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттамаларды ратификациялауды көздейді. Сондықтан бас комитет оларды бірге қарауды ұсынып отыр. Әріптестер, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса қаралып отырған заңдар бойынша бір баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ғиният Ажар Ғиниятқызына беріледі.

ҒИНИЯТ А. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Жаңа сайланған сенаторларды құттықтауға рұқсат етіңіздер. Сіздердің еңбектеріңізге табыс пен сәттілік тілей отырып, алдағы уақытта денсаулық сақтау саласын нығайту жолында бірлесіп жұмыс атқаратынымызға сенімдіміз.

Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ нарығы шеңберінде медициналық бұйымдардың айналысын реттеу Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шартқа сәйкес және 2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге сәйкес жүзеге асырылып жатыр. Келісім 2016 жылғы 12 ақпанда күшіне енген.

Бүгінгі күні Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесі Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы төрт хаттамамен мақұлдады.

Ратификациялау мақсатында сіздерге қарау үшін №1 хаттама және №2 хаттама енгізіліп отыр. Сонымен қатар қалған екі хаттама мемлекетішілік келісу мен қол қою кезеңінде.

Қаралып отырған №1 хаттаманы ратификациялау ұлттық рәсім бойынша берілген мерзімсіз тіркеу куәліктері бар медициналық бұйымдарға Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде қайта тіркемей Қазақстан Республикасы аумағында еркін айналыста болуына мүмкіндік береді.

Ұлттық заңнама бойынша 10 мың медициналық бұйым тіркелген, оларды Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде қайта тіркеудің қажеті жоқ.

Қаралып отырған №2 хаттама бойынша ратификациялау жобасы ұлттық тіркеуді 2022 жылдың аяғына дейін ұзартуға және ұлттық заңнама бойынша жаңа медициналық бұйымдарды тіркеуге мүмкіндік береді.

Медициналық бұйымдарды ұлттық тіркеу мерзімін 2022 жылдың соңына дейін ұзарту жөніндегі шара Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің медициналық бұйымдарды өндірушілерінің толық дайын болуы үшін жеткілікті болмағанын атап өту қажет.

Соған байланысты бизнес қоғамдастықпен, оның ішінде отандық медициналық бұйымдарды өндірушілермен бірлесіп, осы ұлттық тіркеуді 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартуға мүмкіндік беретін №4 хаттамаға бастама жасалды. Бұл хаттаманы да сіздердің алдарыңызға әкелеміз.

Жоғарыда көрсетілген хаттамаларда баяндалған ұсыныстар Еуразиялық экономикалық одаққа мүше бес мемлекет сарапшыларының деңгейіндегі жұмыс топтарында талқыланып, Еуразиялық экономикалық комиссияның алқасы мен кеңесінде қаралып, қолдау тапты.

№1 және №2 хаттамалар мүдделі мемлекеттік органдармен, бизнес қоғамдастығымен және қоғамдық ұйымдармен талқыланып, келісілді.

Құрметті депутаттар! Қазақстан Республикасының нарығында медициналық бұйымдар тапшылығының туындауына жол бермеу мақсатында осы айтылған хаттамаларды ратификациялауды қолдауды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма? Сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Сұрағым Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиниятқызына.

2014 жылғы 23 желтоқсандағы Медициналық бұйымдар айналысының бірыңғай қағидаттары мен тәртібі туралы келісімге сәйкес оларды тіркеу үшін медициналық бұйымдардың қауіпсіздігін, сапасы мен тиімділігін сараптауды комиссия бекіткен ереже аясында денсаулық сақтау саласындағы одаққа мүше республикалық мемлекеттік органдар айқындайтын ұйым жүзеге асырады. Осыған байланысты сұрақтар туындайды.

Бірінші. Отандық қанша ұйым бар және сапалы сараптама жүргізу үшін қажетті зертханалық жабдықтар жеткілікті ме?

Екінші. Пандемия кезінен бастап Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдердің сараптама нәтижесінде анықталған стандарттарға сәйкес емес қанша медициналық бұйым Қазақстан нарығына жіберілмеді? Рақмет.

ҒИНИЯТ А. Құрметті Ғалиасқар Төлендіұлы, сұрағыңызға рақмет.

Қазіргі кезде республика бойынша дәрігерлік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптайтын орталық министрліктің жанынан құрылған. Ол барлық сертификация, аккредитация тәсілдерінен өткен. Бүгінгі таңда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жүргізген бенчмаркинг бойынша екінші жетілдіру деңгейінде болып отыр. Қазіргі таңда әрі қарай жетілдіру үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен бірге жұмыс жасап жатырмыз. Жоспарымызда 2025 жылға дейін осы Астана қаласында заманауи барлық талаптарға сай зертхана салу көзделіп отыр. Қазір осы зертхананың жобалық-сметалық құжаттамалары әзірленуде.

Сонымен қатар барлық сертификациядан өткен, барлық талаптарға сай зертхананы Шымкент қаласында ашу жоспарланған. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі жанындағы «Қазақстандық стандарттау және метрология институты» кәсіпорнының жанынан да бір зертхана ашылатын болады.

Екінші сұрағыңыз бойынша айсақ, соңғы үш жылда біздің елімізге сапасы жағынан төмен «сапасыз» деп тіркелмеген жыл сайын 200-ден астам медициналық бұйымдар мен дәрі-дәрмектер тіркеліп, біздің сараптама орталығынан өткен жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется Булавкиной Ольге Александровне.

БУЛАВКИНА О.А. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханулы.

У меня ряд вопросов к Министру здравоохранения.

Уважаемая Ажар Гиниятовна! По итогам инвентаризации, проведенной вашим ведомством в 2021 году, износ медицинской техники в Казахстане составляет порядка 50 процентов, в том числе вследствие недостаточного развития отечественного медицинского приборостроения.

В этой связи возникают следующие вопросы.

1. Каков процент представленности на казахстанском рынке медицинской техники отечественной и импортной продукции, а именно стран – участниц Евразийского экономического союза?

2. Какое количество отечественной медицинской продукции находится в обращении на территории других государств – участников Евразийского экономического союза? Какие предпринимаются шаги для улучшения данного показателя?

Также в ряде СМИ прозвучала информация о проблемах, связанных с закупом сервисных услуг по их ремонту в ряде регионов, а также отсутствием квалифицированных специалистов. Что Вы можете сказать по данной проблеме? Спасибо.

ГИНИЯТ А. Спасибо за вопросы, уважаемая Ольга Александровна.

Да, действительно, каждый год мы проводим инвентаризацию медицинской техники именно в государственных медицинских организациях. На сегодня оснащенность медицинской техникой составляет 85 процентов (по данным прошлого года). По сравнению с 2020 годом наблюдается рост на 14 процентов, так как ежегодно мы закупаем технику через республиканский и местные бюджеты, а в последние годы еще и через фонд «Қазақстан халқына». Оснащенность улучшилась. При этом износ упал с 50 процентов до 46 процентов. Данная работа будет продолжаться.

По поручению Главы государства в прошлом году мы впервые централизовали закуп медицинской техники на базе «СК-Фармации». Закуп проводился на электронном портале Министерства финансов способом аукциона, чтобы вовлечь новых поставщиков. Мы сэкономили более 3 миллиардов. В этом конкурсе участвовало около 28 процентов отечественных товаропроизводителей.

Сегодня в странах ЕАЭС наша продукция представлена больше в Кыргызстане (более 200 наименований медицинских изделий и медицинской техники) и Российской Федерации (более 15 наименований), в Беларуси – единицы.

Отечественная медицинская техника в этом конкурсе, как я сказала, – 28 процентов, примерно 15 процентов – продукция стран ЕАЭС, 70 процентов – зарубежное производство.

Что нужно делать дальше, как надо развивать? По поручению Главы государства мы разработали подход, сейчас работаем с мировыми брендовыми производителями, чтобы они локализовали производство у нас. Для этого мы им обещаем долгосрочные договоры, но с определенными критериями и условиями, в частности, чтобы они не только локализовали здесь производство (тогда мы можем им предоставлять долгосрочные договоры), но и развивали сервисные центры, а также обучали наши кадры.

ТӨРАҒА. Ажар Гиниятовна, второй вопрос по ремонту, в ряде регионов есть вопросы.

ГИНИЯТ А. Что касается сервиса медицинской техники, то эта проблема возникла не сегодня, она существует давно. В прошлом году приказом Министерства здравоохранения было создано три фармацевтических кластера в Актобе, Алматы, Шымкенте, где мы хотим локализовать производство, чтобы были сервисные центры, проводилось обучение наших кадров, особенно биоинженеров. Также мы с Министерством науки и высшего образования договорились, что будем готовить биоинженеров системы здравоохранения. Ставим такие условия.

Естественно, производители нам говорят: мы хотим видеть возможности и потребности вашей страны, чтобы локализовать производство. Для этого мы подготовили план оснащения медицинской техникой медицинских организаций на пять лет. Данная программа будет утверждена в начале года. Производители будут видеть, а также будут заинтересованы в офтейк-контрактах по жизненному циклу, сколько оборудования нам нужно ежегодно. Эту работу мы проводим.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Ажар Гиниятқызы. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің хатшысы Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Қадірлі әріптестер! Өздеріңізге мәлім, қажетті медициналық көмек көрсету үшін сапалы әрі қауіпсіз медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету қажет. Оны іске асыру мақсатында медициналық бұйымдарды Қазақстан Республикасы аумағында тіркеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Қаралып жатқан заңдар 2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдардың айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттамаларды ратификациялауға бағытталып отыр.

Хаттамалар Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамаларына сәйкес тіркелген медициналық бұйымдарды қайта тіркеуді қажет етпей, үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында әзірленіп отыр.

Заңдар Қазақстан Республикасының нарығында медициналық бұйымдардың тапшылығының туындауына жол бермеуді көздейді.

№1 хаттамамен келісімнің 11-бабы жаңа редакцияда өзгереді, яғни Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдардың сараптамасы немесе тіркеу туралы өтініші 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін берілген жағдайда ұлттық заңнамаға сәйкес тіркеудің жүзеге асырылуын көздейді. Бұған қоса тіркелген медициналық бұйымдардың 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін құжаттарын қайта тіркеуге немесе өзгеріс енгізуге мүмкіндік береді.

№2 хаттама Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында медициналық бұйымдарды ұлттық рәсім бойынша тіркеу мерзімін 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартады.

Заңдарды қабылдау теріс және өзге де жағымсыз әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды.

Құрметті әріптестер, ұсынылып отырған заңдар бойынша тиісті мемлекеттік органдардың өкілдерімен жұмыс топтары өткізілді. Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Баяндалғанды ескере келе, Әлеуметтік мәдени-даму және ғылым комитеті «2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын Қазақстан Республикасы Конституциясының 55-бабы 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Регламентінің 55-4-тармағы 2) тармақшасына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ақмарал Шәріпбайқызы.

Құрметті әріптестер, енді заңдарды талқылауға көшейік. Сөз депутат Алтынбек Нухұлына беріледі.

НУХҰЛЫ А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған хаттамалар Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге ұлттық заңнамалар бойынша медициналық бұйымдарды тіркеу және қайта тіркеу кезеңін ұзарту арқылы осы бұйымдардың ортақ нарығын қалыптастыру процесін неғұрлым мұқият дайындау үшін қосымша уақыт береді. Бұл оның одан әрі тиімді жұмыс істеуіне ықпал етіп, нәтижесінде медициналық бұйымдар адам өмірінің қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне кепілдігін арттырады.

Бірыңғай экономикалық кеңістік құру жөніндегі көпжылдық жұмыс фармацевтикалық компаниялардың өз өнімдерімен осы елдердің нарықтарына шығуын қамтиды және тиісінше медициналық бұйымдардың ортақ нарығын іске қосу мен толыққанды жұмыс істеу үшін қағидалар әрі бірыңғай тәсілдерді үйлестіруді қажет етеді.

Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдардың айналымын реттеуді 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, 2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі медициналық бұйымдардың айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге, басқа да халықаралық шарттарға сәйкес жүргізеді.

Іс жүзінде жалпы нарық негізгі критерийлер мен көрсеткіштерді бірыңғай ережелерге келтіре отырып, одаққа мүше мемлекеттер арасындағы медициналық бұйымдардың айналысы рәсімдерін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты заңдарды қолдаймын және әріптестерімді қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заңдар бойынша шешім қабылдайық.

«2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Заңды мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс қабылдаған заң мақұлданды.

Енді екінші «2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Заңды мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс қабылдаған заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Мақұлданған заңдар Еуразиялық экономикалық одақ аясында медициналық бұйымдар айналымына қатысты жекелеген мәселерді реттеуге арналған. Жалпы бұл заңдар осы ұйымға мүше мемлекеттерді сапалы медициналық бұйымдармен жүйелі негізде қамтамасыз етуге қолайлы жағдай жасайды деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі төрт мәселе «Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» Заңды және оған ілеспе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық активтер, ақпараттандыру және соттық әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», сондай-ақ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарды қарау жөнінде.

Бұл заңдарды өткен отырыста қарап, олардың жекелеген баптарын жаңа редакциясымен Мәжіліске қайтарған едік. Парламент Мәжілісінің таратылуына және Парламенттің функцияларын Сенаттың уақытша орындауына байланысты Мәжіліске қайтарылған заңдарды қарап, тиісті шешім қабылдауымыз керек.

Бас комитет төрт заңды бірге қарауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса «Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» Заң және оған ілеспе заңдар бойынша бір баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының цифрлық активтері туралы» және оған ілеспе үш заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу Мемлекет басшысының цифрлық майнингті және осындай активтер айналымын құқықтық реттеу мен елімізде криптовалюта экокүйесін құру мәселелерін шешу жөніндегі тапсырмаларын орындау үшін Парламент депутаттарымен әзірленген заңдардың бірыңғай жиынтығын құрайды.

Аталған заңдар 2023 жылғы 19 қаңтардағы Сенаттың отырысында қаралды. Онда құжаттардың жекелеген баптарын мақұлдамауды және заңдардың аталған баптарының жаңа редакциясын ұсына отырып, Мәжіліске қайтару туралы қаулы қабылданған болатын. Алайда Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы №104 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісін тарату және Мәжіліс депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау жарияланды.

Осыған орай Қаржы және бюджет комитеті Сенат Регламентінің 3-1-тармағының нормаларын басшылыққа ала отырып, осы заңдар бойынша шешімдер ұсынады.

Барлық заң бойынша салыстырмалы кестелерге келтірілген ескертулер мен ұсыныстар бар. Осыған байланысты комитет Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Регламентінің 55-4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес Сенат қарастырған «Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық активтер, ақпараттандыру және соттық әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарды салыстырмалы кестеде келтірілген жекелеген баптарының жаңа редакциясымен мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бекболат Серікбекұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңдар бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Сенат ұсынған жекелеген баптарының жаңа редакциясымен

мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң жекелеген баптарының жаңа редакциясымен мақұлданды.

Енді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық активтер, ақпараттандыру және соттық әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Сенат ұсынған жекелеген баптарының жаңа редакциясымен мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң жекелеген баптарының жаңа редакциясымен мақұлданды.

Енді «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Сенат ұсынған жекелеген баптарының жаңа редакциясымен мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң жекелеген баптарының жаңа редакциясымен мақұлданды.

Енді «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Сенат ұсынған жекелеген баптарының жаңа редакциясымен мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң жекелеген баптарының жаңа редакциясымен мақұлданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік. Депутаттық сауалдар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2023 жылғы 26 қаңтар

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменения в Соглашение о единых принципах и правилах обращения медицинских изделий (изделий медицинского назначения и медицинской техники) в рамках Евразийского экономического союза от 23 декабря 2014 года», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменения в Соглашение о единых принципах и правилах обращения медицинских изделий (изделий медицинского назначения и медицинской техники) в рамках Евразийского экономического союза от 23 декабря 2014 года», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі

А. ГИНИЯТТЫҢ баяндамасы

Доклад Министра здравоохранения Республики Казахстан ГИНИЯТ А. 2

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

САРЫБАЕВ Ғ.Т. 3

БУЛАВКИНА О.А. 4

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің хатшысы

А.Ш. ӘЛНАЗАРОВАНЫҢ баяндамасы

Доклад секретаря Комитета по социально-культурному развитию и науке
АЛЬНАЗАРОВОЙ А.Ш. 5

Сөз сөйлеген:

Выступил:

НУХҰЛЫ А. 6

«Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О цифровых активах в Республике Казахстан»

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық активтер, ақпараттандыру және соттық әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам цифровых активов, информатизации и судебного администрирования»

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях»

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) и Закон Республики Казахстан «О введении в действие Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс)»

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Б.С. ОРЫНБЕКОВТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по финансам и бюджету ОРЫНБЕКОВА Б.С. 8

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директорының міндетін атқарушы

Н. Уразбаев

Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. Молдашева